

**"Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін белгілеу ережесін бекіту туралы" 2010 жылғы 28 шілдедегі № 23/190-IV шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық мәслихатының 2011 жылғы 18 наурыздағы N 28/249-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Катонқарағай аудандық әділет басқармасында 2011 жылғы 07 сәуірде N 5-13-88 тіркелді. Күші жойылды (Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 25 желтоқсандағы N 272 хаты). Күші жойылды (Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 25 желтоқсандағы N 272 хаты)

**Ескерту. Күші жойылды (Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық мәслихатының 25.12.2014 N 272 хаты).**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысына сәйкес Катонқарағай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін белгілеу ережесін бекіту туралы» 2010 жылғы 28 шілдедегі № 23/190-IV (2010 жылғы 28 тамызда нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 5-13-78 нөмірімен тіркелген, 2010 жылдың 2 қыркүйегінде «Арай» газетінің № 37 санында жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Аталған шешіммен қабылданған аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін белгілеу е р е ж е с і н д е :

4-тармақтың 11-абзацы алынып тасталсын;  
15-тармақ «есептегенде» деген сөзден кейін «тоқсандық» деген сөзбен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

25-тармақтың 1) тармақшасындағы «(сот орындаушысынан анықтама ұсынған жағдайда)» деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен  
соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Сессия төрағасы</i>	<i>Б. Тоқтағанов</i>
<i>Аудандық мәслихатының хатшысы</i>	<i>Д. Бралинов</i>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК